


# Жас Түркістан



Шілде-тамыз 4/2002

Ақын  
Әтежан Нұргали



# ҚАЙРАТ ТАНЫТКАН ҚАЙРАТКЕРЛЕР

Мәкен УАҚ

АЛҒЫ СӨЗ

Күнделікті тыныссыз күйкі тіршіліктің күйбендерімен жүріп, “ер жасы – елуден” асып, “пайғамбар жасы” ауылына да бет түзеппін. Эрине, бұл аз жас емес. Қоңтеген қыншылықтарды бастаң өткізіп, небір айтыс-тартыстардың алуан түрлерін қөргеніммен, ен қуаныштысы сол, мәндайыма жазылған айтарлықтай бақыт – екі дүние есігін айқара ашыптын. Ашып айтсам, кешегі өткен Кенестік заман мен бүгінгі “шалажансар капиталистік” дәуірдің дәмдерін татуға Жаратқан Иеміздің маған да тиесілі несібелерін бүйіртқанына шын ризашылығымды білдіремін. Атабабаларымыз бірнеше ғасырлар бойы арманда, Қайрат, Ләззат, Ербол, Сәбира сынды Желтоқсан көтерілісінің боздақтары көре алмай кеткен Тәуелсіздік алғанымызға да 10 жыл толыпты.

Бірталай өзгерістер болып, “ел жылда – ел жаңаға” көзде-ріміз де, өздеріміз де үйрене бастадық. Заман ағымына сәйкес, Тәуелсіздігіміз жолында қаресе отырып, оны баянды орнықтыруға ат салысқан бірқатар қайраткерлер бой көрсетті. Елім-жерім деп, жүректері жалында алаулаган үлтжанды да арқалы азаматтар қажымай-талмай қаресіп келеді. Ондаған жылдарым қоғамдық жұмыстармен, әрі аруағынан айналайын Қайрат сынды біртуар ұлдың рухын құрметтеу шарапарымен айналысусыма байланысты қоңтеген қайраткер тұлғалармен кездесуіме тұра келді. Бағыма карай, кайсы бірімен

бір сәтке ғана жүздессем, базбірімен қарама-қайшы пікірталаста таныстым. Кейінірек бір-бірімізді жете тани, етene жақындаса бастаған азаматтар да дараланды.

Халқымызға танымал осындағы тұлғалармен танысып, жүздескеніміз өзімді бақытты жандардың қатарында санаймын. Құрметті оқырман! Осы енбегімде әр қайсының жеке-жеке өз пікірімді білдіре келе, сіздерді кей деректерден хабардар еткім келіп отыр. Менін шынайы турде жазған сараптамаларыммен мүмкін көлісерсіздер немесе келіспессіздер, болмаса, жатып кеп сөгерсіздер, бірақ, жан-жақты, зерделей де зерттей оқуларыңызды өтінемін...

Құдайға шүкір, бүтінде халқым, елім, жерім деп, қабырғалары қайысып жүрген қайраткерлер жетерлік. Өкінішке орай, халықтың атынан сейлекенсіп, жоғарыдағы ат төбеліндей билеуші топтың сойылын соғып, “иелеріне жағымпаздана үрген төбеттердей” белгілі деген ел азаматтарының әр қадамын андал, олардың балақтарына жармасып жүрген “көсемшіл көкектер” де баршылық. Қынжыларлығы сол, қалың жүртшылықтың басым көпшілігі “көсемшіл көкектерді” дәп басып, ажырата алмай, айтқандарына сеніп, кейде айдағандарына коніп келеді...

Осындаі келенсіздіктердің кесірінен Алла Тағаланың сыйлаған несібелерінен айырылып, тेңрек саяси-экономикалық дағдырыска душар болып отырмыз. Мемлекетіміздің негізгі тұтқаларын ұстаган лауазымды мырзалаар мен Парламенттегі халық қалауларының басым көпшілігі еліміздің болашағына, қалың жүртшылықтың келешегіне жандары ауырмайтын тоғышарлар.

**МҰХТАР ШАХАНОВ**

Желтоқсан көтерілісінің қарнаманы – Қайрат Рысқұлбеков Мойынқұм ауданының Бірлік ауылында туып ескен болатын. 1986-жылғы көтерілісте оған “Савицкийді өлтірген қылмыскер” ретінде өділетсіз сот шешімімен ең ауыр – ату жазасы берілген еді. Қайрат оқыған мектепте математика пәнінің ұстазы Сейітқөрім Кожаназар 1987-жылғы аудан мұғалімдерінің тамыз мөслихатында Қайраттың ауыр жазасын женілдету жайлы лауазымды басшылардың қарсылығына қарамастан үндеу көтеріп, кейіннен 1990-жылы құрылған Парламенттік комиссия тәрағаларының бірі Қ.Мырзалиевке апарып таныстырган болатын. Сонда Қадыр аға Секенде Қайрат корын құрып, көпшілік болып, қолға алындар деген еді. Мен сол кездерде Сейітқөрім ағамен тығыз байланыста болдым. Қайраттың тағдыры, оның өлімінің құпиясы бізді көп толғандыратын. Кенінен кенесе келе, 1991-жылы Наурыз мерекесінде көршілес Бірлік, Биназар, Жасұлан ауылдары тұрғындарының бас қосу жынында бастама көтеріп, Қайрат Рысқұлбеков атындағы қордың есепшотын аштық.

Қайрат 1981-83 жылдары Бірлік ауылындағы Киров атындағы орта мектепті бітіріп үлкен өмірге жолдама алған болатын. Осы мектепке қыршын боздақтың есімін бергізу айтарлықтай айтыстартыспен басталды. Сол кездерден бастап, жоғарыдан демеу іздел Мұхтар Шахановка шығуға тұра келді. Алғашында телефонмен хабарласып тұрдық. Сонда Мұқан:

– Жігіттер, алтықлай, сабырлық сактап, байсалды қимылланадар – деп, басу айтумен болды. Кинорежиссер Құлдызбай Әбенов басқарған желтоқсаныңтар: Құттыбек Аймаханов, Бес Сүлейменов, Нұрлыхан Ескеніров, т.б. келіп мектепте көзде-



сулер өткіздік. Ауыл тұрғында-  
рымен дидарластық.

Осыған қарамастан, 1991-жы-  
лы жазда аудандық ономастика-  
лық комиссия мектептің атын  
бүрынғы директор Иген Ақыл-  
баевқа беру туралы шешім шыға-  
рып қойғанда С.Қожаназар ау-  
дандық Қазак тілі қоғамы Бас-  
қармасының төрағасы ретінде  
комиссия отырысына бой бермей  
кіріп шешімді бұзғызы. Баспа-  
сөз беттерінде иғі бастамалары-  
мен жарияланып жатты. 1991-  
жылдың күзінде беделді де сыйлы  
ауыл ақсақалдарының қолдауы-  
мен мектепке Қайрат Рысқұл-  
бековтың есімі берілетін болып  
шешім қабылданды. Сол кезде қа-  
зандық білім басқармасының  
бағыты Мақсат Сейдалиев бір-  
ден бүйрек шығарып, тиесілі  
орындарға бекітуге жіберді.

Семейдегі Қазак тілі қоғамы  
жетекшілерінің үйымдастыруы-  
мен 1991-жылы қыркүйектің 28-  
інде Қайраттың зиратына құлпыта-  
сқойылып, ас берілді. Желтоқ-  
санның 13-18 күндері Республи-  
калық дәрежеде спорттық жарыс-  
тар мен ақындар айтысы өткізілді.  
Қайтар кезде Дәулет Әубекіров  
деген жігіт бізге жолығып,  
“Менде Қайрат қайтыс болғаннан  
кейінгі суретінің пленкасы бар”,  
— деді. Біз оған пленканы жо-  
ғалтпа, М.Шахановқа хабар бере-  
міз дедік. Семейден қайтар жолда  
Қайраттың әкесі Ногайбай аға  
Мұқана сурет туралы арнайы аял-  
далап хабарлады. 1992 жылы 21-  
ақпанда Қайрат зан жүзінде  
толықтай акталған соң Мұхтар  
Шахановқа хабарласқанымызда:  
— енді қорықландар, қарсылық  
көрсеткендерін тікелей белден ба-  
сындар, деп демеулі айбат берді.

1987-жылдың жаңа жылында  
Қайраттың құқық қорғау орында-  
рының қызметкерлері ұстап  
әкеткен соң-ақ, аупарткомның  
сол кездегі идеология басшылары  
жер-жерлерде жындар үйымдаст-  
тырып, Қайрат арақшетін, нациа-  
тар тартатын, бұзық болатын деп,  
жоғарыға мінездемелер жіберу-  
мен болған. 1991-жылдың жел-

тоқсанының 27-28 күндері  
Мойынқұм ауданында облысара-  
лық Қайрат атындағы ақындар  
айтысы өткізіліп, кезінде Қ.Рыс-  
құлбековты қаралаумен айналыс-  
қан бүрынғы аупартком хатшысы  
Жұмабек Орынбаев сынды бас-  
шылар бізге ырық бермей, шара-  
ларға өздері араласып кетті...

1992 жылы 13-наурызда Қай-  
раттың туған күніне орай, Бірлік  
ауылында үлкен жының үйымдаст-  
тырылды. Мухана да хабар жі-  
берген едік, ол кісі келе алмады.  
Осы жыныда сез алып, Қайратқа  
ескерткіш орнату туралы мәселе  
коғай отыра, оның атына жалған  
қаралаулар үйымдастырыған сол  
кездегі идеология басшылары не-  
ре халықтан, Қайраттың туыста-  
рынан кешірім сұрап барып  
үйымдастыру шараларына ат са-  
лыспайды деп, ашына айттым.  
Өз кезегінде Жұмабек Орынбаев  
мырза: — Сол кезде жанымызда  
КГБ қызметкерлері жүрді, сон-  
дықтан да біз солай істеуге мәж-  
бүр болдық деп, акталғансып,  
бөрібір кешірім сұрамады.

Есесіне, көп ұзамай аудан бас-  
шылары Қайрат қорының тізгі-  
нін өз қолдарына алғылары келіп,  
көп өрекеттенді. Бірақ, жымыскы  
ойлары іске аспай, женіліс тап-  
ты...

Алматыда Қ.Рысқұлбековке  
ескерткіш жасалынатын болып,  
алғашқы іс-сапарлардың бірінде  
көк базардың жанындағы “Жа-  
лын” журнальның редакциясын-  
дағы Мұхтар Шаханов ағамызға  
сәлемдесуге кірдім. Ол кісі бірден  
орнынан тұрып, табалдырықта  
қарсы алып, өте жылы амандасты.  
Кейіннен де, кім келсе де,  
осы әдеттегі таймайтының байка-  
дым. Қайраттың өлімі жайлы  
Семейдегі жігіттерге хабарласа  
алмай жүргенін айтты. Ескерт-  
кішке дұрыстау суреттері табыл-  
май, мұсіншілер Байтұрсын Өмірбеков  
тар соттағы тергеу құжаттарында  
Қайраттың қырынан, алдынан  
түсірілген суреттері сақталыну ке-  
рек еді деп ескертті. М.Шаханов-  
ка жолығып осыларды жеткізге-

німде, дереу сол кездегі Жоғарғы  
Соттың төрағасы Т.Айтмұхан-  
бетовке депутаттық сауалмен  
ресми хат жазып, жіркенішті,  
жеккөрініштікпен мынау оңба-  
ғанға барындар деді. Жол серігім  
Асылхан Шұңғареков екеуіміз  
Жоғарғы Соттың дәлізінде Айт-  
мұханбетовке жолықканымызда,  
хатты көрісімен, құжаттар бізде  
емес, Сәрсенбаевқа барындар деп,  
ат-тонын ала қашты. Е.Сәрсен-  
баевты іздел таба алмадық. Сөтіне  
орай суреттер кейінірек табыл-  
ды...

1992-жылы 10 қыркүйекте  
Бірлік ауылында Қайрат Рысқұл-  
бековтың Ескерткішінің ашылу  
салтанатына М.Шаханов арнайы  
келіп катынасып,

*Дархандық пен көндөліктің,  
Арамдық пен пәндөліктің,  
Арасынан мәнгі итжyғыс.  
Түсіл жатқан осы алапат  
майданның,  
Жігерінмен көктеп етіл,  
Үлт мұддесін шекпен етіл,  
Төбен бір сәт көкке жетіл,  
Өз өлкене ескерткіш бол  
оралдын ба, айдарлым?!.  
Жетекке алып саналы арман,  
Бұршігінді жаңа жарған  
шағында,  
Денен қалып сонау Семей  
түрмесінің маңында,  
Рухынмен туған өлкे  
топырағын,  
Қайта бастың кемеддел.  
Ара жігін ерлік пенен  
өздіктің,  
Бір-ак қадам екендігін  
дәлелдеп.  
Киын сәтте жалау еткен  
намысын,  
Бағын жансын, қайсар ұлым,  
Жанын қиған ары үшін.  
Алматыға Ногайбайдың  
перзенті бол аттанып,  
Бар қазактың мактани бол  
қайта оралған арысым!*

— деген өлеңін арнады. Шу өзен-  
нінің жагасында, тілгөн кіз  
үйлерден дәм татқан соң, аттана-  
рында Мұхан мені аудан басшы-  
ларымен беттестіріп:

— Ескерткіш орнаттың, енді тікелей, Қайраттың өлімінің құпиясын ашуға шық. Үлгілерінде өзінің көмектесетін жігіттерге хабар жіберіп едім, үлгере алмады, жақында оларды шакыртып, сізге жолықтырамын, дедім... Өнегелі де ултжанды қасиеттерімен көзге түсken қазақ жастарына Қайрат атындағы сыйлық тағайында мақшы болдық. Осындағы іті шаралын демеушилдер іздестіре Алматыға барған сапарымда Мұхтар ағаға да жолықтым. Сыйлық жайлыштың айтқанымда, ол кісі қолдан, тек, үміткерлер жасына шектеу қоюлының жөні жоғын билдірді. Содан кейін мені отыра түр, қазір тергеушілер келеді деп. Қоғамдастырылған жаңы мәдениеттің өкесі Ногайбай аға және бір-екі адам болды. Қайсысын Сәрсенбаев деп, анықтап алдып, Мұхан ашуға басты: (оның ашулланғанын алғашкы көруім) — тергеу басталғаннан бері 6 ай етті. Неге Семейге барып, Сәкежановка жолықпадындар? Тұрмані неге тексермегендіңдер? Әлде, сендерге Жоғарыдан біреулер бірнәрсе деп жүр мә деп бүркантарқан болды. Тергеушілер болса, жұмыстары көп екенін, үлгере алмай жатқанын айттың ақталғансыды... М.Шаханов хабарласып тұрындар деп, шығарып салды.

Семейдегі көмектесетін жігіттердің бірі Мерей Көшкіновке қайта-қайта хабарласып тұрдым. Ол 1993-жылдың наурызының басында Мойынқұм ауданына келіп, екеуіміз жан-жақты ақылдаса келе, Алматыдағы Мұхана хабарласып, наурызының 9-ында кездесетін болдық. М.Шаханов үшеуіміз тың тындалады деп, кабинette емес, дәлізде сөйлестік. Мұхан — Власенконы алдырып, онымен жеке сөйлескім келіп еді, бірақ, милицияның екі қызметкери жанымыздан кептей қойды, Власенко бірде Қайраттың өлтірген мен дейді де, іле-щала басқаша сөйлемеп кетеді. Ол есалан құсап қалған. Жеке қалғанымызда мұм-

кін шынын айтатын ба еді, — деді. Мерейге тың деректер табылышып, жеткізе алса, өзі оларды өрдайым қорғайтынын айттып уәде берді. Және де депутаттың ресми күжатына хат жазып, Семейдегілерге маған сенімді түрде көмектесулерін өтінді.

Поезбен Семей сапарына шыққаннан-ақ, Мерей Мұхана сенімсіздік білдіріп, осы жұмыстарды аяғына дейін аяқтамайды деді. Екеуіміз ренжісіп те қалдық. Мерейдің басқалардан өзгеше қасиеті, кай адамды болмасын бір көргеннен-ақ, оның қандай екендігін дәп баса айтатын көрегендігі бар болатын. Сіздер тағайында жатқан Қайрат атындағы сыйлыққа Коммунар Табей таласады, онымен дұрыс карым-катынаста болуға тырысының, өйтпесеңіз ол сізге көп кедергілер келтіреді деген еді. Кейін бәрі де айнақатесіз алдыннан шыкты. Сондай-ақ, 1991-жылы біздің Елбасымыз жайлыштың айтқан болжамы да дәлме-дәл келді.

Облыстық прокуратуралың тергеушісі Сиязбек Сәкежановты тауып, жол сапарымның мәнжайын айттып түсіндіріп едім, менде біршама деректер болуы керек, 2-3 күнде тауып беремін деген уәдемен шығарып салды. Айткан мерзімінде Сиязбек деректерін тауып бере алмай: — Мұхтар Шахановтың өзі шакыртсының, ол кісіге айтатын ауызша мағлұматтарым бар деп, басқа сарынға көшті. Қайраттың мәйітін көрген дәрігер-сарапшы Болат Шалағановты да таба алмадым, қызметі ауысып кетілті.

Ақсуаттан келіп Дәulet Әубекіровты тауып беремін деп уәделескен ақын Серік Жұматовтың өкесі аяқ астынан ауыр халде ауруханаға түсіпті. Сонымен күте-күте он шакты қун жоғалтып, Ақсуаттағы Серікке барып едім, әкесі тәуір болған соң Семейдегі Дәulet Әубекіровты тауып, маған хабар беретін болды. Аудан басшыларының бірі — Бақыт Қойшыбекова Серіктің жол сапарына көмектесуге уәде етті... Қайтар

жолда Алматыдағы М.Шахановка жолығып, С.Сәкежановтың салемдемесін жеткізіп едім, ол әбден ренжіді, неге өзі уақыт тауып келе бермейді деп!.

1993-жылдың сәуірінде Қайраттың өкесі Ноғайбай аға ауыр науқастан қайтыс болған еді. Соған байланысты көңіл айтуда алмаган Мұхан жолыққанымда, қырқын өткізетін кезде хабар бер деген-ди. К. Рысқұлбековтың қайтыс болғанына мамырдың 21-інде 5 жыл толуына орай Тараздық Әлмұқан Исақов мырзаның көмегімен Қордайда оның мектебіне Белгі тас жасаттырган едік. Мамырдың 21-інде Белгі тасты орнатып, өрі өкесінің қырқын өткізбекші ниетпен Мұхтар ағамызға хабар бергенбіз. Белгі тасты жасауға Қордайдағылар үлгере алмай, бір күн кешіге, тұра 21-інде алып келсек, Мұхан да бізден бұрынырақ Қайраттың туыстарына жетіп көңіл білдіріпті.

Жақын ағайындары Балтабек Таубалдиев конактарды үйіне дәмгे шакырды. Шәй үстінде М.Шаханов біздің сауалдарымызға байланысты: — 1989-жылдың 10-шінде желтоқсан оқиғасы жайлыштың деп, сессияны басқарып отырган Лигачевқа экология және Арас туралы айтам десем, жолататын емес. Содан ебін тауып, М.Горбачевқа жолығып едім, оның өзі Лигачевтарға Шахановка сөз беріндер, экология жайында айтады деп, рұқсат әперді. Әрине, мінбеке шыққан соң бірден Желтоқсан көтерілісі жайлыштың сөйлемеп кеттім. Артымнан тоқтаттоқтат деген ызалы дауыстар шығып жатты. Мен оған карамастан аяғына дейін айттың шықтым. Андрей Сахаров елдің көзінше қаймықпай қолымды алдып, жүзден астам депутаттың колын жинасаң Парламенттік комиссия қуруға болады деп, ақыл айтты: Б.Ельцинде коллады.

Аскар Ақаев пен жүргізуіші қыргыз жігіті және Сахаров пен Ельцин де алғашқылар болып қолдарын қойды. Тайлыхарған

облысынан, аты-жөні есімде жок, қызылшашы-депутат өйел қолын койып еді, Қазақстанның басшылары оны қыспакқа алып, қолын өшірттірді. Күндіз-түні 3-4 күн қонақ үйлердегі депутаттарды арапап ұзын санын 120-ға жеткізіп, халық калауларының көзінше төрде отырган М.С. Горбачевка әкеп құжаттарды тапсырганымда, мені атарға оғы болмай, қолынан жұлып алды – деп, ағынан жарылған еді.

1993-інші жылы шілденін соңына таман ақсұаттық ақын Серік Жұматовтың көмегінің арқасында көптен бері іздеген адамын Дәulet Әубекіровты таптым. Ол, бірақ, Қайраттың суретінің плекасын бермеді. Сақтап жүргенім бір орыс жігітінің өліп жатқан суреті еken деді. Д.Әубекіров 1991-жылы Семейде жолық-қандагы “Қайрат төсекте бұк түсіп жатқан болатын, мойныңда болар-болмас дақ болған еді” – деген сөздерін тағы қайталады (2000-жылдың қарашасында Тарбағатай ауданындағы Кекжыра ауылында қайтыс болған күйеу балам Амантай Мұқанулының от басына көңіл білдіруге қарындастым Әтіркүл екеуіміз барғанда Серік Жұматовқа тағы да жолықтым. Серіктің айтуы бойынша, қолындағы плёнка Қайраттікі еken. Дәulet соны маған беруге қорқыпты. Ал соңғы сәтте Қайратпен бір камерада жатқан Власенко белгісіз себептермен қайтыс болып кетіпті, – деді. Сонда мен Серікке ренжи, Дәulet ешқандай намысы жок, әбден жалтақ жігіт еken ғой. Он жылдан бері сол плеканы неге бізге бермей қорқып жүр. Жақын араларда хабарласып, маған 2-3 суретін салып жіберіндерші деп едім, содан бері еш хабар жоқ).

Д.Әубекіровтың тигізген көмегі – Болат Шалағановты тауып берді. Болат басқа жұмыста жүрсе де қашқақтамай, айтқан уәдесінде тұрып, тұрмедегі Қайрат жатқан 21-камераға бізben бірге кіріп, болған, көрген сәттерін Семей облыстық теледидарының тілшісі

Тілеген Ахметовтың сұрактары бойынша айтып берді. Болаттың айтуы бойынша да: – Қайрат бұк түсіп, тізелерін бауырына алып қырынан жатқан. Мойныңда болар-болмас дақ бар болатын. Жаракат белгілері жок. Адам жоғарыда асылмай-ақ, жерде отырышпак, буынып еле береді. Менің түсінігімше, Қайрат дем жетпей, тұншығып өлген сияқты” – деді де, сарапшилар Актіге қол қоймаса да бола беретінін айтты.

Камера қабыргаларының ені 2-2,5 метр шамасында 3 метрдей биіктікегі тор көзге жіп пен іш көйлек (ол да Власенконікі) байлап, солай байлаулы тұрыпты. “Өзін-өзі” асқан Қайрат қалайша тізесін бүгіп тұра алды?! “Саяси қылмысқер” ретінде асылып қалған адамды неге жан-жақты тексеріп, оны суретке түсіріп барып, соңан соңға жерге жатқызбаған?.. Осыдан он шақты жыл бұрын бізben қанаттас үйлерде бір жас жігіт асылып қалған еді. Ауылды жер болса да, таңертен көрген туыстары мен көршілері 60 шақырым қашықтықтағы аудан орталығынан сарапши-тергеушілер көліп тексерулерін бітіргеніше, тұс ауғанша күтті.

Қазақстанның бір қырындағы тұрмаден әдейілей алдырылып, Қайратпен бір камераға орналастырылған қандыбалас Власенко оны “асылып” тұрган жерінен шешіп алып, қолдан демалдырып жатыпты-мыс деген желеулі дәлелдер дайындалыпты. “Саяси қылмысқер” – Қайраттың өзін жеке дара жатқызбаған?! Содан санаулы күндер бұрын кейіннен актальып шығатындығына сенімі мол Қайраттың ату жазасын 20 жылға езгергенін естігендеге, секіре қуанған азаматтың көп ұзамай-ақ өзін өлімге қиуы да қисынсыз, тіптен мүмкін емес... Ашығын айтпаса да, Болат Шалағановтың берген жауаптарына қарғанда, Власенко Қайраттың таңғы тәтті үйкисын пайдаланып, оны тамағынан қылғындырып,... тұншықтырган. Анық-қанығы осы!..

Мұхтар Шаханов ағамыз осы Семей сапарының сөл алдындаған Қырғызстанға елшілік қызметкес ауысып кеткен еді...

Бір жолы Алматыдан “Қайраттың өліміне байланысты материалдық шығындарынызды қайтаруға төлеу өтемі туралы мәселе 1993-жылы шілденің 20-сында Жоғарғы Сотта қаралады, келініз” – деп анасы Дәметкен Асанбаеваны шақырған реңми қағаз келді. Жан-жакты ақылдаса келе, Семей сапарының жақындауына орай, мен де ілесіп баратын болдым. М.Шаханов болса Қырғызстанда. Коммунар Табейді тауып, мән-жайды түсіндірдім. Ертенніе Алматы теледидары мен “Таңшолпандағы” жігіттерге де хабар беріп, оларды сот процесіне шақырттым.

Басталған күні өзім де қатынасып, мынадай қыншылық кезеңдерде Қайраттың туыстарының тұрмыс жағдайларының нашар екендігін, аса қажетті жағдайда қор басқармасы есебінен де көмек беріліп келгендігін, сондықтан да оларға мемлекет тарапынан женілдікті жәрдемдер кажет деген тілек айттым. Осы пікірлерді бірер жыл бұрын Алматы теледидарынан ғалым-жазушы Сәрсенбі Дәүітпен көнінен берілген сұхбат-әңгімеде де білдірген едім. Онда Қайраттыңғана емес, Ербол, Ләzzат, Сәбира сынды жас боздақтардың туыстарына да мемлекет тарапынан женілдіктер берілуі жөн деп, орынды деп атап өткөнбіз.

Жоғарғы сот мүшелері тағы да керекті құжаттар дайындалап, бір-екі күннен кейін келерсіздер деді. Мен болсам, Ақсұаттық ақын С.Жұматовпен уәделесіп койған болатынын. Оған жеделдете жетуім керек. Әрі Семейдегі жігіттерге хабарласып, Қайраттың өлімі жайлы деректер алып қайтуым керек еді. Қ.Рысқұлбековтың анасы – және Коммунармен ақылдасып едім – “Семейге жүре бер, сotta өзіміз бір амал табамыз”, – деді. Кетер кезде, К.Табей:

— Деректер табылып қалса, қайтарда соғып кетіңіз, — деген...

Үәде бойынша, қайтар жолда соқтым. Тұрменің қанды 21-камерасында айтылған Б.Шалағанов пен біздің пікірлеріміз жазылған бейнетаспаны “Ташшолпанда” Кенжебай Ерсайының көмегімен Коммунарға көрсеттім. К.Табей Қайраттың құны деп 31 миллион сом (62,5 мың теңге) берілетінін естіртті. Анасы Дәметкеннен сұрағанымда, материалдық шығын есебінде берілетінін айтты...

Содан бастап Қайраттың қорына қаражаттың келуі мүлдем тоқтап қалды. Жанашыр жігіттер “Қайраттың құнын алғып қойды, енді қорға байланысты жұмыстарынды әуре болмай тоқтатқаның жөн, енді ешкім қолдамайды” деді. Арада екі жылдай өткендегі анасына: “Қайрат жайлышинаң дайындал жатырымын, өзініз алған 31 миллион сомды оның құны емес, материалдық көмек ретінде алғанмын” деп жазып беріңізші дегенімде, Дәметкен тәтеміз: “Ақшаны аларда Қайраттың құнына алдым деп қағазға қол қойып қойдым ғой” дегендегі, есенгіреп отырып қалдым...

К.Рысқұлбеков атындағы мектептің жетекшілерімен кеңінен ақылдаса келе Президенттің Н.Назарбаевқа, Парламент тегерасы Э.Кекілбаевқа, “Жас Алашқа”, Телерадио корпорациясының басшысы Э.Көпішевке, “Азаттық” Радиосына Қайраттың “құны” жайлыш наразылығымызды келтіре 127 кісі қол қойған Үндеу хат жібердік. Жоғарыдағы жорықсыздықтар туралы “Азаттық” Радиосы екі мөрте толық-қанды хабар берді. Қалғандары үн-түнсіз қалды...

Сөйтіп, Қайраттың өліміне себепкер болған лауазымды басшыларды әлі күнге дейін дөп басып айта алмай келеміз... Ал, Мұхтар Шахановпен осыдан 5-6 жыл бұрын Бішкекте Шыңғыс Айтматов екеуі бірлесе жазған “Құз басындағы аңшының зары”

кітабінің тұсау кесер ресімінде жолыққан болатынмын. Адам өте көп, амандақсанымыз болмаса, сейлесе алған жоқпын. Бірақ, өткен жылдары тосын, күтпеген жағдайда, жоғарыдағы лауазымды ағалардан маған елшілікке көптен бері таныс, сыйлас азамат келіп еді, соған байланысты туындаған макала мынау:

### МӘСКЕУДЕҢ КЕЛГЕН КОНАҚ

Халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбековтың кіндік қаны тамған жері Бірлік ауылында 1992-жылы 10-қыркүйекте орнатылған ескерткішіне демеушілік жасаған 1-топ мүгедегі Мамырбек Әбдірахманов еді. Мәкең ескерткіштің ақшасын төлеп кана қоймай, Қайрат мектебінің озат оқушыларына стипендия тағайындал, Қайраттың ата-анасына көмек ретінде қаражат берді.

Ол бүгінде Мәскеу қаласында қызмет етіп жүрсе де, колы қалт өткендегі жас боздақтың Отанына келіп, оның рухына бағыштап құран оқытып тұруды үмітпайды. Осындағы мақсатпен 2000-жылы маусымның басында келген Мамырбекті Қайраттың інісі Ришат пен Сәрсенбай деген жігіт үшеуіміз Алматы-Мәскеу пойызына Шүтеміржол бекетінен шығарып салған болатынбыз. Көп ұзамый маусымның 26-ында М.Әбдірахманов таксиiletіп азанмен үйге келді. Шілденің аптағы ыстығында бірнеше мың шақырым жердегі Мәскеуден кос балдақпен әуресарсанға атсадылтып жүргеніне таң қалдым. Шәй-пәй ішіп, аптығын басқан соң Мамырбек оңашалау сәтті пайдаланып, жолсапар мәнісін түсіндіре бастады.

1997 жылы М. Шаханов пен Ш. Айтматов бірлесіп

жазған “Құз басындағы аңшының зары” кітаптарының Бішкек пен Мәскеудегі тұсау кесер ресімін өткізуге қомақты қаржы аударып көмектесіпті. Сол себептен де олармен Мамырбек айтартықтай сыйластықты қарым-қатынаста екендігін білдірген. 2000-жылы маусымның 20-сына та-ман, М. Шаханов, Ш. Айтматовтармен кездескенде олар ақылдаса келе Мәскеуге іссапарымен барған Н.Ә.Назарбаевқа Мамырбекті таныстырымақшы болады.

Нүрекене Мамырбекті Шыңғыс Айтматов кездестіреді. Шақаңның беделі Президенттің алдында өте жоғары көрінеді. Ол кісі Нұрсұлтан Әбішұлына М. Әбдірахмановтың қос балдақпен жүріп тындырыған еңбектерін айта келе, Қайрат Рысқұлбековтың рухын қастерлеуге де айрықша көмектескенін еске салады. Сонда Нұрсұлтан Назарбаев:

— К.Рысқұлбековтың туыстарына Қайраттан да дүние жақын көрінеді. 1996-жылы Рысқұлбековқа Халық қаһарманы атағын берерде оның анасы қабылдауды болып, Алматыдан 5 (бес) бөлмелі үй сұрады (бұрынырақ “Мамыр” шағынауданынан екі бөлмелі пәтер берілген еді). Қайраттың құны деп те, басқалай да комақты қаражаттар алды. Тараздан да пәтер беріліпті. Жамбыл облысының басшылары “Жигули” автокөлігін сыйлапты. Қайраттан басқа да Ербол Сыпатаев, Ләzzат Асанова, Сәбира Мұқаметжановалар Желтоқсан көтерілісінде байланысты қайтыс болған жоқ па еді. Олардың туыстары бізді мазалап жөрдем сұрамай-ак жүр ғой, — деген Нүрекенің ренішін М. Әбдірахманов жан-жакты жеткізді.

Президенттің Мамырбекке көмектесстінің білдіріп,

жылы қоштасыпты да, Шыңғыс Айтматов екеуі оңаша қалыпты... Сыртқы дәлізде Шықан М. Эбдірахмановка: – “Інішекке (мені айткан болу керек) сәлем айт, Желтоқсан көтерілісі мен Қайрат Рысқұлбековке байланысты істерді қозғай бермесін, әйтпесе кейін өздеріне қиын соғуы мүмкін” депті. Ал, Мұхтар Шаханов “Тәуелсіз комиссия құрmasын!” деген сәлемімді жеткіз деген соң Мәкен алып-ұшып сонау Мәскеуден маған келген беті еken. Мамырбек М.Шаханов, Ш.Айтматовтармен кездестіруім керек деп, мені Бішкекке баруға үтітеді. Мен оған айттым:

– Мұқанды да, Шыңғыс ағаны да әрқашан құрмет туғамын. Мұхтар Шаханов Қайрат Рысқұлбековке байланысты шаралар бір кісідей көмектесе алды. Осылар жайлар “Ер намысы – ел намысы” кітабында кеңінен жазылды да. Ал Шыңғыс Айтматовты бүкіл әлем таниды, құрметтейді. Ашып айтсам, тәуелсіз комиссия құрудагы мақсатымыз үлкен еді. Мұхтар ағаның шамасы жетпеді ме, халықта қажет аңы шындықтар әлі толықтай ашылған жоқ. Желтоқсан көтерілісіне қатысқан азаматтардың нақтылы есімдері өлі күнге дейін жұртшылыққа белгісіз. Сондай-ак Желтоқсан боздақтарының өліміне, жазықсыз жапа шеккен жандардың азапты өміріне кінәлі лауазым иелері осы уақытқа дейін анықталмай отыр. Біз осылардың аққарасын анықтап, халыққа жария етуіміз керек. Бұл маңызды істер қазақ елінің тарихына, болашақ үрпақтарынызға ауадай қажет емес пе. Осындай ұлагатты шараларға ат салыспай, қалайша ұнтынсіз қарал отырамын.

Біз 1991-жылы 22-наурызда Мойынқұм ауданында К.

Рысқұлбеков атындағы кордың есепшоты ашылғандығы туралы көпшілікке жарияланған соң кешкісін туыстарына жолығып, кор ашқандағы мақсатымызды ортаға салып, жиналған қаражатты тек Қайраттың рухын қастерлеуге байланысты игі шаралар үйымдастырып тұру үшін жұмысаймыз деп Сейіткерім Қожаназар екеуіміз жан-жақты түсіндіргенбіз. Бірақ Қайраттың әке-шешесі мен бауырлары корға түскен қаржыдан анаған-мынаған ақша керек деп ақша сұрауларын қоймады. Кейіннен есептеп байқасақ, оларға әжептеуір қаржы беріліпті. Олардың кейбір жағымсыз қылыштары біздің жұмысымызға кедегі келтірді. Туған ауылындағы мектепте Қайраттың есімін бергізерде көптеген ағайындар оның туыстарының кемшилігін айттып, едәуір қарсылық көрсетті.

Қайрат бүгінде Рысқұлбековтар өулетінің немесе Мойынқұм ауданының ғана емес, барша қазақ халқының аяулы перзентіне айналған жоқ па. Сондықтан басшылар К. Рысқұлбеков атындағы қорға көмектесіп, оның рухын құрметтеуге, сегіз жыл оқыған Шу ауданының орталығы Төле би ауылы мен Алматыда оған Ескерткіш орнатып, Желтоқсан құрбандарына Мұражай ашып, Сөүлөт-құрылым академиясына жас боздақтың есімін бергізіп, Қайрат атында халықаралық сыйлық, стипендия тағайындалса нұр үстіне – нұр болмас па еді. Мұндай игі шаралар Қайрат Рысқұлбеков үшін ғана емес немесе біздің атағымызды шығару мақсатында емес, жастарымызды үлтжандылыққа, адамгершілікке төрбиеу қажет қой.

Шындығына жүгінsek, 1986-жылы Желтоқсан көтері-

лісін үйымдастыруышылар жайлар осы уақытқа дейін көмекі болып келе жатыр. Рас, Желтоқсанды жарыққа шығаруда Мұхтар Шаханов айтартықтай еңбек етті. Мұқаның 1989 жылы КСРО Халық Депутаттарының съезінде экология мәселесін қозғаймын деп, Бас хатшы Горбачевты алдандырып, мінберден Желтоқсан көтерілісі туралы батыл турде мәлімдегенінің өзі ерлік емес пе?! Артынша комиссия құруға мәжбүр етіп, сол бір қаралы құндердің бетпердесін сыйыруға әрекеттеген еді...

Оқінішке орай, Желтоқсанның құпия сырьы өлі күнге дейін толықтай ашылмады. Яғни, жоғарыдағы Парламенттік комиссия да, баспаса сез ошактары да, жеке қайраткерлер де Желтоқсан көтерілісіне бірден-бір кінәлі лауазым иелерін дәлме-дәл көрсете алмай келеді. Бірінің айтқандарын бірі қайталап:

– Горбачев, Колбин, Камалиденов, Мендібаев, Разумовский, Соломенцев, Власов, Мирошхин, Чебриков, Князев, Басаров, Дубиняк, Елемісов, Айтмұханбетов, және тағы басқалар деп жалғастырумен есіл уақыттарыныңырап етті. Шын мәнінде “Жабулы қазан өлі күнге жабулы” күйінде қалып келеді. Сондықтан бұл мәселеге мен өз басым қайта-қайта оралып, оған әр қырынан шындық сөүлесін түсіруге әрекеттегеніп журмін. Қайрат қорын құрудады мақсаттарының бірі де – осы, көпшілікке Желтоқсан оқиғасының шындығын көрсету, соган үлесімді қосу.

Мәскеуден келген қонаққа осы айтқандарымды М. Шаханов пен Ш. Айтматовқа жеткізуін сұрадым...

(Жалғасы бар).